

Бекітемін _____
Астана қаласы әкімдігінің «№1
көпбейінді қалалық балалар
ауруханасы» ШЖҚ МКК
Директоры Шаймердинова А.Х.
«__» _____ 2025ж.

ЕМІЗУ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОРҒАУ, ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҮНТАЛАНДЫРУ САЯСАТЫ

«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК

Емізу – баланың оңтайлы өсуін, физикалық және ақыл-ой дамуын қамтамасыз ететін, иммундық жүйенің қалыптасуына ықпал ететін, ананың денсаулығын сақтайтын, балаларды тамаша тамақпен қамтамасыз етудің ең арзан және қауіпсіз әдісі болып табылатын бірегей процесс.

«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – №1 КҚБА) **саясатының мақсаты** – тек қана емізу пайызын (0-6 ай) 85% - ға дейін және бала емізуді 60% - ға дейін арттыру арқылы жаңа туған нәрестелердің аурушандығын, өлімін азайту.

Міндеттері:

1. Саясаттың белгіленген ережелерін қатаң ұстану және барлық медицина қызметкерлерін, аналар мен олардың отбасы мүшелерін үнемі хабардар ету.

2. 18 сағаттық бағдарлама бойынша (3 сағаттық клиникалық сабақтарды қоса алғанда) оқытуды қамтамасыз ету жолымен емізудің табысты тәжірибесін жүзеге асыру үшін медициналық персоналды қажетті дағдыларға үйрету. Жаңадан жұмысқа қабылданған медицина қызметкерлерінің арасында нұсқама өткізіп, оқыту, ал кіші және техникалық қызметкерлер арасында 3 сағаттық бағдарлама бойынша оқыту жүргізу.

3. Аналарды емізудің пайдасы мен маңыздылығы туралы үнемі хабардар ету.

4. Аналарға баланы кеудеге қою техникасын үнемі үйрету.

5. Уақытша бөлек болған жағдайда (медициналық көрсеткіштер бойынша) аналарға лактацияны қалай сақтау керектігін көрсету, емшек сүтін сауу техникасын үйрету (негізінен қолмен сауу).

6. Медициналық көрсетілімдерге байланысты жағдайларды қоспағанда, жаңа туған нәрестелерге емшек сүтінен басқа ешқандай тамақ бермеу (№1 қосымша).

7. Ана мен баланың бір палатада тәулік бойы бірге болуын тәжірибеге енгізу.

8. Кесте бойынша емес, баланың бірінші талабы бойынша емізу.

9. Емізулі нәрестеге ана кеудесін имитациялайтын тыныштандыратын құралдар мен құрылғылар (емізіктер, манекендер және т.б.) бермеу керек.

10. Тұрақты негізде **тыйым салу**:

- емшек сүтін алмастырғыштар жарнамасы;
- ана сүтін алмастырғыштарды өндіруші компаниялар/дистрибьюторлар өкілдерінің №1 КҚБА қызметкерлерімен, аналармен және олардың отбасы мүшелерімен маркетингтік кездесулер өткізу;
- ана сүтін алмастырғыштарды төмендетілген бағамен немесе тегін сатып алу/сатып алу.

11. Үйге шығарылған әрбір әйелге онлайн-консультациялар құралдары бойынша «кері байланыс» ұйымдастыру арқылы емізу жөніндегі ақпарат беру, №1 КҚБА қызметі туралы ақпаратты, www.gdb1.kz сайтындағы сұрақ-жауап және «аналарды қолдау тобының» өкілдері туралы ақпарат беру.

Қосымша сұйықтық/тамақ беру үшін медициналық көрсеткіштер.

Абсолюттік

Салыстырмалы көрсеткіштер